

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 7-1/678 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 тамызда № 11926 болып тіркелді.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 38-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу туралы қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы Министрі

А. Мамытбеков

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.10.2020 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 38-2) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу тәртібін, сондай-ақ "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттар (бұдан әрі – атрибуттар) – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын құрал-саймандар мен аспаптар;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) (бұдан әрі – бұйымдар (құралдар)) – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын сырғалар (аспалы, радиожиілік белгісі бар), болюстер, чиптер және басқа да бұйымдар (құралдар);

3) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) таңбалау жөніндегі лазерлік станция (бұдан әрі – лазерлік станция) – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) жеке нөмір салуды жүзеге асыратын ұйым;

4) ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерінің эмиссиясы (бұдан әрі – жеке нөмірлер эмиссия) – ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерінің бірізді нөмірленуін айқындау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы және оларды республиканың әкімшілік-аумақтық бірліктері бойынша бөлу;

5) ветеринария саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) - ветеринария саласында басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттігі шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосы (бұдан әрі – ведомоство) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;

7) жеке кабинет – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу рәсімдерін жүзеге асыру, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" веб-порталында орналастырылған автоматты хабарламалар мен ақпаратты алу үшін "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы пайдаланушының автоматтандырылған жұмыс орны;

8) процессингтік орталық – функцияларын Заңға сәйкес жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның құрылымдық бөлімшесі;

9) тіркеу – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станциялар, бұйымдар (құралдар) және атрибуттар және оларды өндірушілер туралы ақпаратты жеке нөмірлердің эмиссиясы жөніндегі дерекқорға енгізу рәсімі;

10) жеке нөмірлердің эмиссиясы жөніндегі дерекқор – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін тіркелген лазерлік станциялар, бұйымдар (құралдар) және атрибуттар және оларды өндірушілер туралы мәліметтерді қамтитын ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлері эмиссиясының автоматтандырылған жүйесі;

11) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе;

12) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиыны.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті процессинг орталығы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) порталы арқылы көрсетеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лазерлік станцияларды тіркеуге өтініш, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдарды (құралдарды) және оларды өндірушілерді тіркеуге өтініш, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеуге өтініш жібереді.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

5. "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.05.2023 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Өтініш берілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе жұмыскері өтінішті тіркеуді жүзеге асырады және оны орындаушыны анықтау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жақын одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы өтінішті тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген деректердің толықтығына, бұйымдардың (құралдардың) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68

бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларында (бұдан әрі – Бірдейлендіру қағидалары) белгіленген нысандарға, мөлшерлеріне және сипаттамасына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы жеке нөмірлердің эмиссиясы жөніндегі дерекқорға ақпарат енгізу арқылы лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды), атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеуді жүзеге асырады, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеуден өткені туралы хабарламаны не осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

9. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы тіркеу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда және Бірдейлендіру қағидаларында белгіленген нысандарға, мөлшерлеріне және сипаттамасына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы.

10. Тіркелген лазерлік станциялар, бұйымдар (құралдар), атрибуттар және оларды өндірушілер туралы ақпарат осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін тіркелген лазерлік станциялар, бұйымдар (құралдар), атрибуттар және оларды өндірушілер тізілімінде (бұдан әрі – Тізілім) шоғырландырылады.

11. Көрсетілетін қызметті беруші жаңартылған Тізілімді уәкілетті органның интернет-ресурсында ақпаратты Тізілімге енгізген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде орналастырады.

12. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган мен көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.05.2023 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші, ведомство, уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші, ведомство, уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің, ведомствоның, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қару мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілген қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

16. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіруді
жүргізу үшін лазерлік
станцияларды, бұйымдарды
(құралдарды) және
атрибуттарды және оларды
өндірушілерді тіркеу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
_____ процессингтік орталыққа
(кімнен) _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің
аты (бар болса), тегі, жеке
сәйкестендіру нөмірі /заңды
тұлғаның атауы, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі)
Мекенжайы _____

Лазерлік станцияларды тіркеуге өтініш

_____ (ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардың

(құралдардың) жеке нөмірін таңбалау бойынша лазерлік станцияның атауы)

_____ тіркеуді сұраймын

Лазерлік станция туралы мәліметтер:

1) өндірушінің атауы _____

2) моделі/маркасы _____

3) түрі _____

4) Қазақстан Республикасының аумағындағы өкілдің атауы, мекенжайы

5) өндіруші ел _____

20__ жылғы " " _____ сағат " __ " қол қойып, жіберді:

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасынан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер: _____

ЭЦҚ қою күні және уақыты: _____

Өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама:

20__ жылы " __ " _____ сағат " __ " қабылданды.

Процессинг орталығының ЭЦҚ-нан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні және уақыты: _____

Ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіруді
жүргізу үшін лазерлік
станцияларды, бұйымдарды
(құралдарды) және
атрибуттарды және оларды
өндірушілерді тіркеу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан
_____ процессингтік орталыққа
(кімнен) _____
(жеке тұлғаның аты, әкесінің
аты (бар болса),
тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі/
заңды тұлғаның атауы, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі)
Мекенжайы _____

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және оларды өндірушілерді тіркеуге өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ (ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардың (құралдардың) және оларды өндірушілердің атауы)

_____ тіркеуді сұраймын

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (кұралдар) және оларды өндірушілер туралы мәліметтер:

1) өндірушінің атауы _____

2) өндірушінің мекенжайы _____

3) өндірушінің елі _____

4) Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдің атауы, мекенжайы _____

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымның (кұралдың) түрі, атауы _____

6) осы бұйыммен (кұралмен) бірдейлендіруді жүргізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларының түрі _____

7) сырғаның (аспалы сырғалар үшін) артқы бөлігінің ішкі жағында қатты сақина тәріздес тиек ұштығының болуы _____

8) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымның (кұралдың) түсі _____

9) сырғаның (аспалы сырғалар үшін) әр бөлігінде (беткі және артқы бөлігінде) өндірушінің сауда маркасының (сауда белгісінің) болуы _____

10) сырғаның әр бөлігінде (беткі және артқы бөлігінде) шығарылған күнінің болуы _____

11) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымның (кұралдың) өлшемдері _____

12) аспалы сырғаның (аспалы сырғалар үшін) беткі бөлігіндегі сыртқы жағында штрих-кодтың болуы _____

13) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымды (кұралды) дайындау материалы _____

14) қайта пайдалану _____

15) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымның (кұралдың) зиянсыздығы _____

16) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардағы (құралдардағы) жазбалар (өшірілетін, өшірілмейтін) (аспалы сырғалар үшін) _____

17) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардағы (құралдардағы) жазбалардың, мәліметтердің машинамен оқылуы _____

18) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардың (құралдардың) (радиожиілік белгілері бар аспалы сырғалар, чиптер, болюстер және жануарларды электрондық бірдейлендірудің басқа да құралдары үшін) ISO 11784 және ISO 11785 халықаралық стандарттарына сәйкес келуі туралы мәліметтер _____

19) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардың (құралдардың) (аспалы сырғалар үшін) сәйкес келуі туралы мәліметтер _____

20__ жылы " __ " _____ сағат " __ " қол қойып, жіберілді:

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасынан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер: _____

ЭЦҚ қою күні және уақыты: _____

Өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама:

20__ жылы " __ " _____ сағат " __ " қабылданды.

Процессинг орталығының ЭЦҚ-нан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні және уақыты: _____

Ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіруді
жүргізу үшін лазерлік
станцияларды, бұйымдарды
(құралдарды) және
атрибуттарды және оларды
өндірушілерді тіркеу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан
_____ процессингтік орталыққа
(кімнен) _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі/заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
Мекенжайы _____

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеуге өтініш _____

_____ (ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттардың және оларды өндірушілердің атауы)

тіркеуді сұраймын

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттар және оларды өндірушілер туралы мәліметтер:

1) өндірушінің атауы _____

—

2) өндірушінің мекенжайы _____

—

3) өндірушінің елі _____

—

4) Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдің атауы, мекенжайы _____

—

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттың түрі, атауы

—

6) осы атрибутпен бірдейлендіруді жүргізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларының түрі _____

—

7) тот баспауға төзімділігі _____

8) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттарда тауар маркасының болуы _____

9) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибутты дайындау материалы _____

10) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттардың өлшемдері (жануарларды таңбалауға пайдаланылатын аппараттар үшін) _____

11) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттардың зиянсыздығы _____

20__ жылғы " __ " _____ сағат " __ " қол қойып, жіберді:

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасынан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер: _____

ЭЦҚ қою күні және уақыты: _____

Өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама:

20__ жылы " __ " _____ сағат " __ " қабылданды.

Процессинг орталығының ЭЦҚ-нан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні және уақыты: _____

Ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіруді
жүргізу үшін лазерлік
станцияларды, бұйымдарды
(күралдарды) және

атрибулттарды және оларды
өндiрушiлердi тiркеу
қағидаларына
4-қосымша

"Ауыл шаруашылығы жануарларын бiрдейлендiрудi жүргiзуге арналған лазерлiк станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибулттарды және оларды өндiрушiлердi тiркеу" мемлекеттiк қызметiн көрсетуге қойылатын негiзгi талаптар тiзбесi

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрiнiң 24.05.2023 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

1	Көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң атауы	Процессингтiк орталық (бұдан әрi – көрсетiлетiн қызметтi берушi)
2	Мемлекеттiк көрсетiлетiн қызметтi беру тәсiлдерi	"Электрондық үкiметтiң" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрi – портал) арқылы.
3	Мемлекеттiк қызмет көрсету мерзiмi	1 (бiр) жұмыс күнi.
4	Мемлекеттiк қызметтi көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттiк қызметтi көрсету нәтижесi	Тiркеуден өткенi туралы хабарлама не мемлекеттiк қызмет көрсетуден уәждi бас тарту.
6	Мемлекеттiк қызмет көрсету кезiнде көрсетiлетiн қызметтi алушыдан алынатын төлемақы мөлшерi және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсiлдерi	Мемлекеттiк көрсетiлетiн қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрi – көрсетiлетiн қызметтi алушы) тегiн көрсетiледi.
7	Көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң және ақпарат объектiлерiнiң жұмыс графигi	1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргiзумен байланысты техникалық үзiлiстердi қоспағанда, тәулiк бойы (көрсетiлетiн қызметтi алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне (бұдан әрi – Кодекс) сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейiн, демалыс және мереке күндерi жүгiнген жағдайда, өтiнiштi қабылдау және мемлекеттiк қызметтi көрсету нәтижесiн беру келесi жұмыс күнi жүзеге асырылады); 2) көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң – Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерiн қоспағанда, дүйсенбi – жұма

		<p>аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында;</p> <p>2) порталда орналасқан.</p>
8	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі</p>	<p>1) лазерлік станцияларды тіркеу үшін: көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында лазерлік станцияларды тіркеуге өтініш;</p> <p>2) бұйымдарды (құралдарды) және оларды өндірушілерді тіркеу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және оларды өндірушілерді тіркеуге өтініш;</p> <p>3) атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеуге өтініш.</p> <p>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады. Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге</p>

		<p>жол берілмейді. Көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.</p>
<p>9</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы тіркеу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректермен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 7-1/678 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11926 болып тіркелген) бекітілген Лазерлік станцияларды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды және өндірушілерді тіркеу қағидаларын да белгіленген талаптарға және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларында белгіленген нысандарға, мөлшерлеріне және сипаттамасына сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды</p>

		қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің бірыңғай байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы:1414, 8 800 080 7777.

Ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіруді
жүргізу үшін лазерлік
станцияларды, бұйымдарды
(құралдарды) және
атрибуттарды және оларды
өндірушілерді тіркеу
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Тіркеуден өту туралы хабарлама

Құрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

лазерлік станция және/немесе ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдар (құралдар) және атрибуттар және оларды өндіруші _____

(атауы)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 7-1/678 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11926 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және

атрибутттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасында

20____ жылғы " ____ " _____ № _____ болып _____
____ дейінгі

(тіркелген күні) (тіркеу нөмірі) (тіркеу мерзімі)
мерзімге тіркелгенін хабарлаймыз.

Басшы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

20____ жылы " ____ " _____ сағат " ____ " қол қойып, жіберді.

Электрондық цифрлық қолтаңбадан алынған деректер: _____

Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қою күні мен уақыты: _____

_____.

Ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіруді
жүргізу үшін лазерлік
станцияларды, бұйымдарды
(құралдарды) және
атрибутттарды және оларды
өндірушілерді тіркеу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту

Құрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20____ жылғы " ____ " _____ № _____ өтініміңіз
бойынша

_____ себепті қызмет көрсетуден бас
тартылды.

Басшы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Электрондық цифрлық қолтаңбадан алынған деректер: _____

Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қою күні мен уақыты: _____

_____.

Ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіруді

жүргізу үшін лазерлік
станцияларды, бұйымдарды
(құралдарды) және
атрибуттарды және оларды
өндірушілерді тіркеу
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

**Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін тіркелген лазерлік
станциялар, бұйымдар (құралдар), атрибуттар және оларды өндірушілер тізілімі**

р/с №	Көрсетіл етін қызметті алушыны ң атауы (жеке сәйкесте ндіру нөмірі / бизнес-сә йкестенді ру нөмірі)	Өндіруші нің атауы	Тауарды ң атауы	Жануар түрі	Түрі	Соңғы сертифик атталған күні	Сипаты (с ипаттам асы)	Өндіруші нің коды	Өндіруші нің елі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК